

**ХVІІІ-ХІХ ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ  
ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКА-  
ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ, ХІХ  
ҒАСЫРДЫҢ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ  
ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ ҚҰЖАТТАР,  
РЕСМИ ІС-ҚАҒАЗДАР ТІЛІ.  
ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖАЗБА  
ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСЫП,  
ДАМУЫ.**

Орындаған: Есмаханова Нұргүл  
Қабылдаған: Жұмабаева Айжамал



Қазақ халқы басқа түркі халықтары тәрізді бірнеше ғасыр бойы басын Орхон-Енисей жазбаларынан алатын түркі әдеби тілін пайдаланды. Бұл тіл барлық уақытта кезеңдерде үстемдікке ие біркелкі болған жоқ. Тарихи тілінің, сондай-ақ араб және парсы, болған тайпалар МОНҒОЛ тілдерінің әсеріне ұшырады. Алайда оның негізгі лексикасы мен грамматикалық құрылысы сақталып отырды. Бұған араб жазуының әмбебаптығы (универсалдығы) да себепші болса керек. Кейінірек Шыңғыс хан және оның ұрпақтары билеген кезде түркі тайпалары өз алдарына хандық құрып, шекара бөліскен кезде сол жалпытүріктік ортақ әдеби жазба тілге әр халық өзінің ауызша әдеби тілінің элементтерін кіргізіп отырды (мысалға Қадырғалидың «Жамиғат тауарих» атты еңбегін келтіруге болады).





Қазақ әдеби тіл тарихын зерттеушілер оны 3 кезеңге бөліп қарастырады. Оның алғашқы кезеңі – XV ғасырдан XIX ғасырдың екінші жартысына дейінгі аралықты қамтиды. Бұл кезеңдегі әдеби тілді көне (біздіңше ескі дегенді дұрыс көреміз – Б.Ә.) әдеби тіл деп атап жүрміз және бұл кезеңнің өзін екіге бөліп, XV-XVII ғасырлар және XVIII ғасырдың 1-жартысы деп те қарастырушылар бар. Ондағы негізге алынатыны – соңғы кезеңде қазақ әдеби тілінің жазба нұсқаларының өмірге келіп, ресми іс-қағаздары ретінде мұражай, мұрағаттарда сақталуы. Ал бірінші кезеңде ондай нұсқалар сақталмаған. Сондықтан ол кезеңдегі әдеби тілімізді ауызша әдеби тіл деп жүрміз. Біздіңше, ол екі кезеңнің тілдік жағынан айырмашылығы жоқ деуге болады. 1-кезеңде қазақ арасында жазба нұсқалар болмады деуге әсте болмас, бірақ сол жазбалар сақталып бізге жетпеген.







Ескі қазақ жазба әдеби тілі XIX ғасырдың 2-жартысына дейін қазақ қоғамында қолданыс тауып, тіпті кейбір стильдерде XX ғасырдың басына дейін оның сақталғанын көруге болады. Бірақ ескі жазба әдеби тіл сөз болып отырған кезеңнің өн бойында бірдей болған жоқ. Мәселен, XVIII ғасыр жазбаларында оның алдындағы кезеңнен едәуір «қазақыланып», ондағы түркі әдеби тіл элементтері қазақтың ауызша әдеби тіліндегі тұлғаларымен ауыстырылып, халыққа түсініктілігі артты. Мысалға 1745 жылғы Абылайдың Сібір губернаторына, 1790 жылғы Сырым Датовтың II Екатеринаға жазған хаттарын алуға болады.






II кезең XIX  
ғасырдың екінші жартысынан XX  
ғасырдың 30 жылдарына дейін

мерзімді қамтыды.  
X ғасырдың екінші жартысы қазақтың  
мәдени өмірінде  
бүршігіне өзгерістер туғызған кезең болды. Оқу орталықтарында орыс-қазақ мектептері ашылып, қазақ балалары бастауыш орта дәрежелі білім алды. Облыс орталығында орысша-қазақ мектебіне бастап, кітап басып шығару ісі қолға алынды. Патша үкіметі қазақ жерін толық бағындырып алғаннан кейін оның жер байлығын, әдебиеті мен тілін, этнографиясы мен тарихын зерттеу мақсатында әртүрлі экспедициялар ұйымдастыруға кірісті.

Бұл жағдайға белгілі дәрежеде өзгеріс енгізген тарихи оқиғаға Қазақстанның Ресей қол астына кіруінің толықтай аяқталуы болды. Бұл үрдіс аяқталмай тұрып-ақ Ресеймен тығыз қарым-қатынас жасаған өткен ғасырдың орта тұсында-ақ түркі халықтарының жекелеген қайраткерлері өз ұлттарының жазба тілінің халықтың сөйлеу тілінен алшақтығына оның өзге тіл сөздерімен шұбарланғанына көңіл аударған болатын.






Қазақтың алғашқы ағартушысы Ш. Уәлиханов өз орыс тілінде жазса да, туған тілін жоғары бағалады, оның күресті. Ол қазақ тілін татар және өзге де халық сөздерімен шұбарлауға болды. Шоқанның туралы жазған естелігінде мынадай қызық мәлімет келтіреді: «Шоқан өз әкесінің ауылына келген бойда қазақтың атақты суырыпсалма ақыны Орынбай оны қуанышпен қарсы алып, өлеңмен мақтай бастады. Сол кезде Шоқан Орынбайға «Сен қазақ тілін шағатай, татар сөздерімен шұбарлама, қазақ тілінің көркемдік қуаты онсыз да жетіп жатыр» деп ескерту жасайды»

туындыларын, негізінен, тазалығы үшін қазақ тілін татар және өзге де қарсы жолдасы Ш. Ибрагимов Шоқан

*(Сочинения Ч. Ч. Валиханова. СПб., 1904).*




К.Насыридің тұстасы, қазақ ағартушысы Ы.Алтынсарин де дәл осы кезде Н.И.Ильминскийге жазған хатында: «Сіз қазақтың табиғи тілін бұзатын татаризмге өте қарсы екенсіз, ал мен де көптен бері осы пікірде болатынмын» деп жазған еді. Бұл екі ағартушы да кейін өз ұлттарының жазба әдеби тілдерін халықтық негізде қалыптастыруда көп еңбек етті. Бұған сол кездегі тарихи жағдай да себепші болды.

Бұл кез Ресейде капитализмнің дамуымен байланысты оның отар елдерінде де саяси-әлеуметтік маңызы бар прогрестік шаралардың іске аса бастаған шағы еді. Қазақ халқының алдыңғы қатарлы орысша оқыған бөлігі

Қазақстанның артта қалуын жоюдың бір жолы ретінде орыс халқының мәдениеті мен техникасының табыстарын үйренуге шақырды, қазақ балалары үшін мектеп ашып, онда орыс тілімен қатар ана тілін үйретуді көздеді.






Ана тілінде оқытатын  
мектеп ашу деген сөз, бір жағынан, қазақтың  
сол тұстағы шағатай әдеби тіл  
әсерінен әлі кұтылмаған жазба  
тілін халықтың ауызша әдеби тілі мен  
сөйлеу тілі негізінде қайта құру деген сөз еді. Сөйтіп, «XIX ғасырдағы орта  
тұсынан бастап, қазақ қоғамының тарихи даму факторларына байланысты  
жазба әдеби тіл мұқтажы күшейеді. Ол тілді екі жерден іздеу керек  
болады: не бұрыннан қолданылып келе жатқан, бірақ қазақ мәдениетінде  
қызмет сферасы бұл кезде тарылған ортаазиялық жазба әдеби тілді  
пайдаланып, соны жандандыру немесе жаңа жазба әдеби тілдің іргетасын  
қалау»

*(Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского языка. Казан, 1860).*






Қазақтың жаңа демократиялық бағыттағы поэтик тілін қалыптастыруда Ыбырай Алтынсариннің тұстасы Абай (Ибраһим) Құнанбаевтың сіңірген еңбегі бір төбе. Абайдың мүлдем жаңа сипаттағы поэзия жасаудағы үлгі тұтқаны – орыстың ХІХ ғасырдағы реалистік демократиялық поэзиясы болса, қолданған тілі халқымыздың әлденеше ғасыр бойы сұрыпталған ауызша әдеби тілі мен сол кездегі сөйлеу тілі еді. Осы екі арнаны сарқа пайдаланып, ондағы қарапайым сөздерді талай саққа құбылту арқылы өзінің образ жасау мақсатына шеберлікпен пайдаланды. Абайдың қазақтың жаңа жазба әдеби тілін қалыптастырудағы тындырған қызметі мен алатын орны бірсыпыра зерттеушілердің еңбегінде ілгерілі-кейінді жан-жақты сөз болғаны мәлім. Сонау 30-жылдардың орта кезінде-ақ профессор Қ.Жұбанов қазақ тілшілерінің арасынан бірінші болып Абайдың қазақ әдеби тілін жасаудағы қызметін дұрыс көрсеткен болатын. Қ.Жұбановтың сөзімен айтсақ, «Абайдың ақындығын, басқа қасиеттерін былай қойып, тек әдеби тілімізді жасаудағы еңбегінің өзін ғана алсақ та, онда ақымыз кететін түрі жоқ». Абайдың «қазақ әдеби тілін жасаудағы еңбегін» автор одан әрі былай түйіндейді: «Әдебиет тіліндегі халық үлгісінің басы артық қосарларын жоюмен қабат, шығыс үлгісінен келіп жүрген араб-парсы сөздерін қуып, әдебиет тілін тазартып, қазақ тілінің бар байлығын іске асыруға жол ашып, жазба әдебиет тіліміздің іргесін қалады»

*(Жұбанов Қ.Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы, 1966) .*

Ыбырай мен Абайдың негізін қалаған бұл әдеби тіл үлгісі олардан кейін сол қалпында сақталып, өз дәрежесінде одан әрі дами берген жоқ. Олай болатын объективті жағдай да жоқ еді. Әрине, олардың идеясын, салған үлгісін әрі қарай жалғастыруда еңбек еткен жекелеген қайраткерлер болды. Бұл орайда, «Дала уәлаяты» газетінде қызмет еткен А.Құрманбаевты, Д.Сұлтанғазинді, Р. Дүйсенбаевты, т.б. атауға болады. Бірақ олардың пікірлерінің қалың көпшіліктен қолдау тауып, жұртшылықты жұмылдыратындай қауқары бола алмады. Бұл арада өткен ғасырдың басында ана тіліміздің болашағын ойлап, оның ұлы ағартушылар негіздеген жаңа жазба әдеби тіл үлгісін әрі қарай дамытуда аянбай еңбек еткен Ыбырайдың шын мағынасындағы шәкірті Ахмет Байтұрсынұлын ерекше атауымыз керек. Ол өзінің қазақ тілінің заңдылықтарын баяндап берген іргелі еңбектерімен қатар қазақ қоғамын дүр сілкіндірген алғашқы ұлттық баспасөзіміз «Қазақ» газетін (1913-18) шығарып, жаңа жазба әдеби тіліміздің нағыз үлгісін жасап берді. Сөйтіп, қазақ тілшілерінің дұрыс көрсетіп жүргеніндей, ұлы ағартушылардан басталған жаңа жазба әдеби тіл үлгісі қазіргі кезеңде жан-жақты дамып, өзінің кемеліне келіп отыр.



Қазақ әдеби тілінің жазба нұсқалары әдеби тілдің, оның ішінде жазба әдеби тілінің әр кезендердегі жазба ескерткіштері. Қазақ әдеби тілінің тарихын жазу үшін оның әр кезендегі әдеби тіл үлгісі болып табылатын жазба нұсқаларының (ескерткіштердің) тілдік ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу қажет. Қазақ әдеби тілінің қалыптасу кезеңіне (XV-XVII ғасыр) мағлұмат беретін жазба деректер туғанды сақталған, оның өзі-ресми іс қағаздары сипатты. Мысалы, ханлар мен дін басшыларының атынан Сығанақ әкімдері мен шеихтарына арналып жазылған бір топ құжаттар (Яссауи ғимаратынан табылған) XVI ғасыр жатса, Әбілғазы Баһадурханның хаттары — XVII ғасыр жәдігерліктері. Сондай-ақ осы дәуірлерде жазылған Қадырғали Жалайыридің *"Жамиғ ат-тауаригы"* мен Әбілғазы *"Шежіре-ит-түрк"* атты Баһадурханның *"Шежіре-шығармалары* тарихи әдебиет немесе шежіре үлгісінде болып келеді.





Бүгінгі қолымыздағы бар іс қағаздардың көбі XVIII ғасырдың 30-жылдары, яғни қазақ жерінің Ресейге қараған кезеңінен бергі архивте сақталған құжаттар. Олардың дені қазақ хансұлтандарының, орыс әкімшілік орындарында әр түрлі мақсатта жазылған қатынас қағаздары мен өзара жазысқан хаттары. Бұл аталған құжаттардың тілінде түркі әдеби тілінің дәстүрлі емле заңдылықтары, кейбір морфология тұлғалары, қалыптасқан сөз тіркестері мен жекелеген сөздер сақталған, бірақ олардың негізі қазақтың байырғы лексикасы мен дағдылы грамматика құрылысы болып келеді.

XIX ғасырдың екінші жартысына дейінгі жазба нұсқалар, негізінен, ресми құжаттар болып келсе, аталған кезеңнен бастап олар әр түрлі стильдік ыңғайда кездеседі. Бұл кезеңде әдеби тіліміздің жанжақты дамуына белгілі тарихи жағдайлар себеп болды. Ең алдымен, қазақ жерінің Ресей қол астына қарауына байланысты бірен-саранда болса да қазақ бапапарының орыс мектептерінде оқып, еуропалық мәдениеттен сусындауына мүмкіндік туды. Шоқан, Ыбырай, Абай бастаған ағартушылар тобы шықты, олар қазақ жастарын оқу — білім алуға үндеп, ездері үлгі керсетті, қазақ мектептері ашылып, ана тілінде жекелеген мерзімді баспасөз шыға бастады. Қазақ авторларының шығармалары жарық керіне бастады. Осы жағдайлардың бәрі Қазақ әдеби тілінің өткен кезеңдерге қарағанда жедел де жан-жақты дамуына әсерін тигізеді. Бұл кезеңдегі әдеби тіл үлгілерін 4 стильге жүйелеп қарауға болады.

- **Ресми іс-қағаз үлгілері.** Бұл тұстағы ресми іс қағаздары (бұйрық - жарлықтар, заң, қаулы-қарарлар, қатынас қағаздары) мазмұны жағынан болсын, формасы жағынан болсын, XVIII-XIX ғасырдағы құжаттарға ұқсас, бірақ тілдік ерекшелігі жағынан қазіргі қазақ тіліне әлде қайда жақын және түсінікті болып келеді. Бұлардың бір қатары баспа бетін көрген, сондықтан да бір ізге келтірілген.
- **Қоғамдық публицистикалық стильге жататын материалдар.** Бұл стильдің пайда болу қазақ тіліндегі алғашқы газеттердің шығуымен байланысты. Қазақ тіліндегі тұңғыш газет 1870 жылы Түркістан уәлаятының (өлкесінің) орталығы Ташкент қаласында "Түркістан уәлаятының газеті" деген атпен шыға бастады. Газет қазақ, өзбек тілдерінде айына 4 реттен (екеуі-қазақша, екеуі өзбекше) 13 жылы бойына үзбей шығып тұрды. Оның бетінде қазақ халқының шаруа жайына, мәдениетіне, тарихы мен әдебиетіне қатысты көптеген материалдар басылып тұрды. Газет өз оқушыларын шет ел жаңалықтарымен, техника, ғылым жаңалықтарымен де таныстырып отырды.

- **Көркем әдеби стиліне тән үлгілер.** Қазақ халқының ғасырлар бойғы жинақталған мол ауыз әдебиеті мұралары болғаны мәлім. ХІХ ғасырдағы баспа бетін көрген керкем туындылар қатарына, "қиссалар" жатады. Бұл орайда алғашқы қазақ тіліндегі кітап 1862 жылы Қазанда жарық көрген "Ер Тарғын" жыр-толғауын айтуға болады. Сол тұстан бастап "қисса" деген атпен шығыс әдебиетіндегі дін, махаббат пен азаматтық тақырыптардағы поэма, дастандардың сюжетіне құрылған, сондай-ақ халық ауыз әдебиеті шығармаларын қайта жырлаған өлең кітаптар көптеп басылып, халық арасына кең тарады. Өте сирек болса да сол тұстағы ақындардың кейбір туындылары жеке кітапша болып басылып шығып тұрды. Бұларды тақырыбына, кетерген идеясына, тілдік ерекшеліктеріне қарай 3 топқа бөлуге болады. Біріншісі — ислам дінінің конондарын мадақтайтын "Сапсал", "Жұм-Жұма", "Кербаланың шөлінде", "Тамимдер", "Адам", "Зарқұм" тәрізді қиссалар. Екіншісі— мазмұны жағынан шығыстық сюжетке құрылған, идеясы адамгершілік, махаббат, ерлікті жырлайтын, лексикасы, негізінен, қазақ сөздерінен тұратын, бірақ орфографиясы мен грамматика құрлысында кейде түркі әдеби тіліне тән дәстүр кездескен шығармалар. Оған "Таһир", "Үш қыз", "Жүсіп-Зылиха" "Қисса-и Серғазы" т. б. Үшіншісі халық ауыз әдебиеті үлгілері мен қазақ ақындарының шығармалары. "Ер Тарғын", "Алпамыс", "Қыз Жібек", "Қисса-и Шортанбай", "Әсиетнама" т. б. Бұлар тілі жағынан біршама таза, тек орфографиясында араб әліпбиімен байланысты жазу дәстүрі сақтапған. ХХ ғасырдың алғашқы 10-15 жылы бұлар сан жағынан да дамып, тілдік жағынан тазара түседі.



- **Ғылыми** - көпшілік әдеби үлгілері. Қазақ арасында қолжазба күйінде таралып, кейін кейбір басылып та шыққан шежіре типті әдебиеттерді есептемегенде, 1861 жылы Н. И. Ильминский Қазанда бастырған "*Самоучитель русской грамоты для киргизов*" атты оқулық кітабының соңында берілген текстерді ғылым-көпшілік әдебиет үлгілерінің тұңғыш нұсқасы деп санауға болады. Кітаптың соңғы 50 бетінде табиғат, география, тарихтағы жануарлар дүниесі және басқа да ғылым жаңалықтары туралы қысқаша орысша-қазақша екі тілде әңгімелер, дәрігерлік кеңестер берілген. Осы кезден бастап орыс және қазақ тіліндегі мерзімді баспасөз беттерінде ғылымның әртүрлі саласынан жазылған мақалаларды, медицина, ветеринария тақырыбына жазылған жеке кітапшаларды кездестіреміз. Бұл материалдардың басым көпшілігі орыс тілінен аударылған аударма материалдар. Сөйтсе де олар сол дәуірдегі Қазақ әдеби тілінің жәй-күйін танытуда, ғылым түсініктерді ана тілімізде жеткізуде тіліміздің қаншалықты болғанын байқауда да аса қажетті нұсқалар.

